



БҰЙРЫҚ
17.04.2024
Астана қаласы

ПРИКАЗ
№ 235-НК
город Астана

**Сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі
талдау жүргізу туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (бұдан әрі – ішкі талдау), 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 ішкі талдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға және Астана қаласының квазимемлекеттік ұйымдарында 2024 жылға арналған ішкі талдау өткізу кестесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес «Астана – АЭК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) қызметінде ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы және жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Қоғамның қызметінде ішкі талдау жүргізу 2023 жылғы 01 қазаннан 2024 жылғы 30 сәуірге дейінгі кезең үшін:
 - 1) Қоғамның қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 2) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 3) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды айқындау;
 - 4) мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 5) рұқсат беру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 6) бақылау-тексеру функцияларын іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 7) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
 - 8) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

9) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

10) Қоғамның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыттары бойынша жүргізілсін.

3. Жұмыс тобына:

1) 2024 жылғы 17 сәуірде интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ішкі талдау жүргізу басталғанын жариялауды;

2) 2024 жылғы 03 маусымда интернет-ресурста, БАҚ-та және әлеуметтік желілерде ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау басталғанын хабарлауды;

3) 2024 жылғы 10 маусымда ішкі талдау нәтижелерін қоғамдық талқылауды, оның ішінде ішкі талдау субъектісінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі алқалы, консультативтік-кеңесші органдарының отырыстарында қоғамдық талқылауды;

4) 2024 жылғы 17-28 маусым аралығында ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы дайындап, оған қол қойғызуды;

5) 2024 жылғы 28 маусымда ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесін қалыптастыруды;

6) 2024 жылғы 24-28 маусым аралығында ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді;

7) 2024 жылғы 01-03 шілде аралығында ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтаманы және іс-шаралар жоспарын интернет-ресурста орналастыруды;

8) 2024 жылғы 28 маусымнан бастап 2025 жылғы 02 мамырға дейін ішкі талдау нәтижелері бойынша ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат дайындау арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингін ұйымдастыруды тапсырамын.

4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі 2024 жылғы 02 мамырдан бастап 14 маусымға дейін белгіленсін.

5. Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жұмыс тобының құрамына ішкі талдау жүргізуге қажетті мәліметтер мен нормативтік құжаттарды ұсынсын.

6. Осы бұйрықпен барлық мүдделі тұлғаларды таныстырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс-офицер С.А. Аманжоловқа жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы

Р. Абжанов